

## **Жобалау-іздігіру жұмыстары департаменті, жерге орналастыру жұмыстары басқармасының жерге орналастыру жөніндегі инженері (бос орын – 1 бірлік, бір айдың лауазымдық жалақысы 450 000 теңге)**

### **Функционалдық міндеттері:**

- жерге орналастыру жобаларын құру бойынша жерге орналастыру және геодезиялық жұмыстарды орындау;
- әртүрлі масштабтағы топографиялық түсірілімдерді орындау, жобаларды табиғатқа шығару;
- тиісті бағдарламаларда геодезиялық өлшемдерді өңдеу, заманауи геодезиялық аспаптар мен жабдықтарды (GPS-қабылдағыштар, тахеометрлер) білу және олармен жұмыс істей білу);
- ArcGIS, AUTOCAD, MapINFO professional геодезиялық өлшемдерді камералдық өңдеу бағдарламаларын білу, жерге орналастыру жобаларын жүзеге асыру үшін қажетті топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жүргізу кезінде геодезиялық желіні құру туралы түсінікке ие болу;
- озық техника мен технологияларды кеңінен енгізу, еңбекті ғылыми ұйымдастыру негізінде еңбек өнімділігі мен өнімнің (жұмыстың) сапасын жан-жақты арттыру;
- өндірістік және еңбек тәртібін, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария және өрттен қорғау ережелері мен нормаларын сақтау;
- сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу;
- мүдделер қақтығысының туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою бойынша уақтылы шаралар қабылдау;
- кәсіпорын директорын және директордың жетекшілік ететін орынбасарын және басқарманың тікелей басшысын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу мақсатында оларға қандай да бір адамдар жүгінген барлық жағдайлар туралы хабардар етуге;
- кәсіпорын директорын және директордың жетекшілік ететін орынбасарын және басқарманың тікелей басшысын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілері туралы хабардар ету;
- берілген тапсырманы уақтылы және сапалы орындау, басшылықтың басқа да тапсырмаларын орындау.

### **Білімі:**

- Қазақстан Республикасының заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілері;
- Еңбек тәртібі ережелері;
- Іскерлік қарым-қатынас және этика ережелері.

### **Біліктілік талаптары:**

- жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) (аэрофотогеодезия, геодезия, картография, жерге орналастыру, кадастр) еңбек өтіліне талап қойылмайды.

### **Қажет құжаттар:**

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) белгіленген нысандағы түйіндеме;

- 3) жеке куәлік немесе паспорттың көшірмесі;
- 4) білімі, біліктілігі, арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығы туралы құжаттардың көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (еңбек өтілі бар адамдар үшін);
- 6) сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама.

**Құжаттарды қабылдау мерзімі конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күнді құрайды.**

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар кәсіпорынның кадр қызметіне қажетті құжаттарды қолма-қол тәртіппен, пошта арқылы немесе хабарландыруда көрсетілген құжаттарды қабылдау мерзімінде электрондық түрде ұсынады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі өткеннен кейін пошта арқылы ұсынылған құжаттар қабылданбайды.

Хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде олардың түпнұсқалары сұхбаттасу басталғанға дейін 3 (үш) сағаттан кешіктірілмей беріледі.

Құжаттарды ұсынбаған жағдайда адамды бос лауазымдарға кандидаттарды конкурстық іріктеуді өткізу жөніндегі комиссия сұхбаттасудан өтуге жібермейді.

Құжаттардың толық емес топтамасын ұсыну оларды қараудан бас тартуға негіз болып табылады.

Үміткерлер біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және беделіне қатысты қосымша ақпарат бере алады (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру туралы құжаттардың көшірмелері, сипаттамалары, ұсынымдары, ғылыми жарияланымдары және т.б.).

**Құжаттарды тапсыратын мекенжай:/ электронды мекенжай:**

Құжаттарды тапсыратын мекенжай: Алматы қаласы, Манас көшесі 42/56 персоналмен жұмыс және құжат айналымы басқармасы. Электронды мекенжайы: [okrid@gishagi.kz](mailto:okrid@gishagi.kz), анықтама телефондары: 8 727 274 75 18, 8 778 208 28 55 (Гулайым Амангельдиновна).